

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің  
6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы, 8D014 – «Жалпы дамудың пәндік  
мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының  
тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың ғылыми-  
педагогикалық негіздері» тақырыбындағы Тәңкіш Нәзира Полатқызының  
диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің  
ШҚІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа <u>мемлекеттік бағдарлама аясында</u></p>	<p>Зерттеу тақырыбы ғылымның дамуының басым бағытына сәйкестігі: Бірінші, Ел Президенті Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан – іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауында педагог мәртебесін көтеруге, білім алушыларды тұлғалық-гумандық тұрғыдан дамытуға бағытталғандығымен, екіншіден, «Қазақстан-2050» стратегиясында білім беру саласындағы басымдықтары бойынша белгіленген міндеттерге сәйкестілігімен, үшіншіден, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен «Білімді ұлт» сапалы білім беру – ұлттық жобасында барлық білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттырумен <b>сәйкес келеді.</b></p> <p>Сондықтан, жоғарыда айтылған білім берудің заңнамалық құжаттарына сәйкес беріліп отырған міндеттер мен бағыттар «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» атты зерттеу тақырыбының өзектілігі тереңдете түседі.</p> <p>Н.П.Тәңкіштің ғылыми зерттеу жұмысын жүргізудің негізгі бағыттары – біріншіден, мемлекеттік бюджеттік тақырып бойынша «Кәсіптік оқыту» кафедрасының базасында орындалатын Б-16-10-14. – «Болашақ педагогтарды 12 жылдық білім беру жүйесіне кәсіби даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» бағдары аясында; екіншіден, «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі», Мемлекет Басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2019 жылғы 2</p>

		<p><u>орындалған</u> (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы; үшіншіден, диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес үйлестірілген.</p>
2	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады/қоспайды</u>, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u>.</p>	<p>Автор ұсынған зерттеу жұмысының міндеттерін іске асыру мен мақсатқа қол жеткізу барысында алған ғылыми- практикалық жетістіктері педагогика ғылымының, соның ішінде жоғары кәсіптік білім берудің педагогикасы мен әдістемесінің дамуына <b>елеулі үлес қосады</b>. Сонымен қатар, зерттеу нәтижесінде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Кәсіптік оқыту» кафедрасының (бакалавр деңгейде) оқу бағдарламасына «Кәсіби психология» пәнінің баламасы ретінде «Педагогтың тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары» атты элективті курсы енгізілген және ол оқыту тәжірибесінде қолданылып, енгізу актісімен расталған.</p>
3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>Жұмыс автордың өздігімен <b>жоғары</b> деңгейде жазылған. Зерттеудің алға қойылған мақсаты мен міндеттері шешімін тауып, жүзеге асыруда кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыруда жеке үлесін көрсетеді.</p> <p>Автор диссертация жұмысын жазу барысында жан-жақты ғылыми мәліметтер берген. Зерттеу жұмысы барысындағы барлық талқыланған ақпараттар түсінікті, мағыналы және үйлесімді.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Жоғары кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінің алдында болашақ педагогтың кәсіби білім беру саласында оқытудың жаңа түрін дамыту міндеті тұр. Онда кәсіби қалыптасуға кедергі келтіретін және студенттерге кәсіби қызметтің және жалпы өмірдің субъектісі болуға кедергі келтіретін теріс кәсіби- педагогикалық стереотиптер мен</p>

			<p>жаңылыстар болмауы тиіс. Ол міндеттерді болашақ кәсіптік оқыту педагогының нәтижелі шешуі үшін оның бойында тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары қалыптасқан мамандардың қажеттілігі туындайды.</p> <p>Осыған орай, кәсіптік оқыту педагогын даярлау мәселесі қарастырылған еңбектерге жасаған талдау нәтижесі кәсіптік-педагогикалық іс-әрекетпен айналысатын болашақ мұғалімдердің келешек қызметі мазмұнының ерекшеліктеріне және бүгінгі әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарына, заманауи қоғамның педагогке қоятын сұраныстарына, мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес олардың тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптасырудың қажеттігін дәлелдеген және <b>негізделген.</b></p> <p>Сондықтан зерттеу жұмысындағы болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың мәні, оны атқаруға қажетті сапалардың мазмұны мен құрылымы және аталған қалыптастыруды жүзеге асырудың педагогикалық шарттары мен құрылымдық-мазмұндық моделі осы саладан білім алушыларға теориялық білімдерді жүйелі меңгертуге септігін тигізетіндігі <b>негізделген.</b></p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <u>айқындайды;</u></p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>		<p>Диссертация мазмұны реттілік заңдылықтарын сақтай отырып орындалған. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.</p> <p>Зерттеудің мазмұны, негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалады, әдістемелік ұсыныстар, теориялық және эксперименттік жұмыстардың нәтижелері диссертация тақырыбын <b>айқындайды.</b></p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді;</u></p> <p>2) жартылай сәйкес</p>		<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына <b>сәйкес келеді.</b> Зерттеу мақсаты – болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыруды</p>

		<p>келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>теориялық тұрғыдан негіздеу, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттен өткізумен <b>сәйкес келеді.</b></p> <p>Зерттеу міндеттері жұмыстың мақсатын нақтылай келе, болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындаумен; болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары қалыптасуының мәні мен құрылымын анықтау және оған сипаттама берумен; болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасаумен; болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтаумен; болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерумен <b>сәйкес келеді.</b></p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: <u>1) толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Докторанттың диссертациялық жұмысында зерттеу тақырыбының көкейкестілігі, ғылыми аппараты: мақсаты, нысаны, пәні, ғылыми болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, теориялық-әдіснамалық негіздері, зерттеу көздері, кезеңдері, әдістері, зерттеу базасы, ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалар мен зерттеуді сынақтан өткізу жолдары ашып көрсетілген.</p> <p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыда <b>толық байланысқан.</b></p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай</p>	<p>Ұсынылған тұжырымдамалар негізделген және белгілі шешімдермен салыстырмалы түрде бағаланған. Жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қорытындылары зерттеліп отырған мәселенің ғылыми-теориялық негізін құрайтын әр тарау бойынша талданған теориялық тұжырымдар бойынша анықталып, оның кешендік сипаты оқу-</p>

		<p>жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>тәрбие үдерісіндегі ғылыми стилді зерттеу мәселесін жаңаша үлгіге сүйеніп жасаған.</p> <p>Зерттеу нәтижелері ауқымды материалдарды талдап, қорыту арқылы дәйектелген.</p> <p>Әрбір нәтиже, тұжырым мен қорытынды диссертацияның тараулар мен тараушаларға жіктелген мазмұндық құрылымынан түйінделген, ғылыми мәні жоғары, шынайылығы айқындалып, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сыни талдауы бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып баға берілген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге арналған және <b>сыни талдау бар.</b></p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа деп бағалауға болады. Автордың «Функция», «Тұлғалық функция», «Әлеуметтік еңбек функциясы», «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары» ұғымдарына берген анықтамасы философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге, отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдардың тұжырымдамаларына әдебиеттік шолу негізінде қалыптасқан және <b>толығымен жаңа.</b></p> <p>Жұмыстың мақсатына сәйкес ізденуші зерттеу барысында ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Алға қойған міндеттері рет-ретімен шешілген. Зерттеудің мақсат-міндеттеріне сәйкес зерттеу әдістерін таңдаумен, алынған нәтижелерді өңдеудің математикалық әдістерін қолданумен және олардың тиімділігін болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын даярлайтын оқу орындарында, колледждердің тәжірибесінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру мен қайта даярлау</p>

		жүйесінде пайдалануға болады және <b>толығымен жаңа.</b>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертация қорытындылары <b>толығымен жаңа</b> болып табылады.</p> <p>Қорытындыда болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың диагностикасы анықталып, мазмұндалған. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыру әдістемесі жасалып, мазмұны берілген. Әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-экспериментте тексеріліп, оның мазмұны мен динамикасы, нәтижелері көрсетілген. Ұсынылған болжамның дұрыстығы дәлелденіп, зерттеудің алға қойылған мақсаты мен міндеттері шешімін тауып, жүзеге асырылған және <b>толығымен жаңа</b> болып табылады.</p> <p>Сонымен қатар, зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалған, берілген әдістемелік ұсыныстар, теориялық және эксперименттік жұмыстардың нәтижелеріне негізделген және ол <b>толығымен жаңа</b> болып табылады.</p> <p>Дегенмен, тұжырымдар мен мәселенің болашағын айқындайтын болашақ зерттеушілерге арналған зерттеу перспективасының ауқымы нақтыланып көрсетілген болса, онда одан жұмыс ұтар еді.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <b>толығымен жаңа.</b> Жоғарыда аталған барлық автормен ұсынылған тұжырымдар жүргізілген зерттеу негізінде жасалған.</p> <p>Автордың ұсынған нәтижелері: Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыру мақсатында жасалған «Педагогтың тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары» элективті курсы; «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасындағы инновациялық кәсіби-әдістемелік дайындық модуліндегі «Кәсіптік оқыту жүйесіндегі</p>

			педагогикалық менеджмент» пәндеріне қосымшалар; Өзін-өзі дамыту бағдарламасы, Тренингтер мазмұны мен оларды жүргізуде проблемалық, жобалық оқу іс-әрекеті, әлеуметтік педагогикалық қолдау, әлеуметтік көмек және т.б. технологияларын қолдану осы проблеманы тиімді шешуге ықпал еткен және <b>толығымен жаңа.</b>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген.</b> <i>Бірінші нәтиженің негізділігі</i> – болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалған; <i>Екінші нәтиженің негізділігі</i> – болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған; <i>Үшінші нәтиженің негізділігі</i> – болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталған; <i>Төртінші нәтиженің негізділігі</i> – болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың әдістемесі жасалынып және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, ұсыныстар берілген. Осылайша, диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелерінің негізделуі мен сенімділігі күмән туғызбайды. Отандық және шетелдік авторлардың көптеген жылдар бойынша жасалған еңбектерін кешенді зерттеу мен талдау ұсынылған тұжырымдамаларға негіз болады.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді;	Бірінші қағидаттың шынайылығы <b>дәлелденген.</b> Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары анықталған. «Еңбек функциясы», «Кәсіптік оқыту педагогының еңбек функциясы», «Кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары»

		<p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жок</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>Ия</u>;</p> <p>2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>Кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>Ия</u>;</p> <p>2) жок</p>	<p>ұғымына нақтыланған авторлық анықтама берілген және педагогтың тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалып <b>дәлелденген.</b></p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген бе? Иә, шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектері негізінде кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыру мен талдауының қажеттілігі <b>дәлелденген.</b> Философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге, отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау негізінде мәселенің теориялық негіздері анықталды.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? <b>Жок</b>, себебі берілген анықтама көптеген зерттеулердің негізінде құрастырылған және педагогтың тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларының ерекшелігін де қамтыған.</p> <p>7.3 Жаңа ма? <b>Иә</b>, себебі бұған дейін болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптасыру мәселесінің бұрын соңды өз алдына зерттеу объектісі болмағандығын көрсетті және кәсіптік-педагогикалық іс-әрекетпен айналысатын болашақ мұғалімдердің тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптасырудың қажеттігін дәлелдейді.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: <b>кең.</b> Диссертациялық зерттеуде қол жеткізілген нәтижелер мен олардың негізінде жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын даярлайтын оқу орындарында, колледждердің тәжірибесінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру мен қайта даярлау жүйесінде пайдалануда болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық қабілеттері қалыптасып және әлеуметтік еңбек функциялары саласынан білім, білік, дағдылары дамуына жағдай жасайды. Сонымен қатар, олардың тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларының</p>
--	--	--	--



			<p>қалыптасуы тұжырымдамалық, технологиялық, іс-әрекеттік, тиімділік тұрғыдан қамтамасыздандырылған.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? <b>Иә, дәлелденген.</b></p> <p>а) Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциясын қалыптастыру мүмкіндіктері/ Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана №5 (сентябрь-октябрь), 2018г. –С.24-29</p> <p>ә) Содержание и траектория реализации социально-личностных функций будущего педагога профессионального обучения/ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Хабаршы. 2019. –Б.226-231</p> <p>Екінші қағидаттың шынайылығы <b>дәлелденді.</b></p> <p>Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары қалыптасуының мәні мен құрылымын анықтаған және оған сипаттама берілген.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген бе? <b>Иә,</b> тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары қалыптасқан болашақ кәсіптік оқыту педагогы – гумандық бағыттағы, субъектілікті қамтамасыздандыру ұстанымында адами құндылықтарға бағдарланған, әлеуметтік-мәдени, оқу-өндірістік еңбек саласы функцияларын атқаруда тұлғалық, кәсіптік, басқарушылық құзыреттерге ие маман деп анықталған.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? <b>Жоқ,</b> себебі берілген дәлелдеу көптеген философиялық, педагогикалық және психологиялық еңбектердегі теориялық және әдіснамалық тұжырымдарға негізделуімен алынды.</p> <p>7.3 Жаңа ма? <b>Иә,</b> себебі бұған дейін тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары қалыптасқан болашақ кәсіптік оқыту педагогтарына қоғамның сұранысы мен оның зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігінде.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: <b>кең.</b> Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың мәні, оны атқаруға қажетті сапалардың мазмұны мен</p>
--	--	--	--

			<p>құрылымы және аталған қалыптастыруды жүзеге асырудың педагогикалық шарттары мен құрылымдық-мазмұндық моделі осы саладан білім алушыларға теориялық білімдерді жүйелі меңгертуге септігін тигізеді.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? <b>Иә, дәлелденген.</b></p> <p>а) Болашақ педагогтың еңбек қызметі және оны құраушы элементтердің функционалдық сипаты/ «Рухани жаңғыру: ұлттық білім беру жүйесі және әлемдік тәжірибе» Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары I-том. Шымкент-2017. –Б.570-575</p> <p>Үшінші қағидаттың шынайылығы <b>дәлелденген.</b></p> <p>Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген бе? <b>Иә,</b> жоғарыда дәлелденген тұжырымдамалардың жүйеленген нәтижесі болып табылады.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? <b>Жоқ,</b> себебі педагогтың тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыру үшін жүргізілген зерттеу талдау құралдарының негізінде құрастырылған, және қорытынды нәтижесі болып табылады.</p> <p>7.3 Жаңа ма? <b>Иә,</b> себебі бұған дейін болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі, ішкі қатынастарды көру, олардың даму тетіктерін түсіну және білім алушының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыру туралы сенімді ақпарат алуға мүмкіндік беретін осы жүйенің компоненттері қарастырылмаған.</p> <p>7.4 Колдану деңгейі: <b>кең.</b> Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын</p>
--	--	--	---

			<p>қалыптастыруды модельдеу болмашы, кездейсоқ факторлар мен қарым-қатынастарға қарағанда аса маңызды байланыстарды, құрылымдық компоненттерді бөліп көрсетуге, олардың даму үрдістерін болжауға мүмкіндік берді.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? <b>Иә, дәлелденген.</b></p> <p>a) Problems of Forming a Social Personality of a Future Teacher/"The Europe and the Turkic World: Science, Engineering and Technology" Materials of the V International Scientific-Practical Conference May 6-8, 2020 (Ankara, Turkey) Volume III Ankara, 2020. –P.193-199</p> <p>Төртінші қағидаттың шынайылығы <b>дәлелденген.</b></p> <p>Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталған.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген бе? <b>Иә</b>, болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары – оқу-тәрбие үдерісі бірлестігінде оқыту-педагогикалық және ұйымдастырушылық бойынша бір-бірімен тығыз байланыстағы жағдаяттардың жиынтығы болып табылады, олар мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттері тұрғысынан аталған функцияларды атқаруға қажетті сапалардың қалыптасуын қамтамсыздандыруымен <b>дәлелденген.</b></p> <p>7.2 Тривиалды ма? <b>Жоқ</b>, себебі көптеген талдауларда берілген ұстанымдар мен қағидаттарды, атап айтсақ: әлеуметтік, мәдениетаралық, этникалық және басқа да сипаттамаларын терең зерттеуді қамтамасыз ету, әлеуметтік мәдени білім беру жағдайларында адамның мінез-құлқын реттеуді негізге ала отырып болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтаған.</p> <p>7.3 Жаңа ма? <b>Иә</b>, себебі бұған дейін жоғары оқу орнының болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және</p>
--	--	--	---

			<p>әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыру мүмкіндіктері мен оны жүзеге асыруды ғылыми тұрғыда негізделмеген.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: <b>кең.</b> Өйткені, болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары үкен үш топқа бөлінген:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) студенттің субъективтілігін қамтамасыздандыратын оқу іс-әрекетінің оң мотивацияны, рефлексияны дамытуға бағытталуы;</li> <li>2) субъектілік-жағдаяттық қамтамасыздандыратын қағидаттар мен проблемалық оқу-іс әрекеті технологиясын қолдану;</li> <li>3) әлеуметтік педагогикалық қолдау технологиясы мен басқарушылық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану</li> </ol> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? <b>Иә,</b> дәлелденген.</p> <p>a) Ways of Forming Personal and Social-Labour Functions of a Future Teacher/ Journal of Intellectual Disability - Diagnosis and Treatment журналы (Canada), 2020, E-ISSN 2292-2598, <b>Scopus.</b> Vol. 8, Iss. 3.-P.377-387</p> <p>Бесінші қағидаттың шынайылығы <b>дәлелденді.</b></p> <p>Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың әдістемесі жасалынған және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, ұсыныстар берілген.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген бе? <b>Иә,</b> диссертацияның зерттеу нәтижелерінің тәжірибеге ендірілуі философиялық, педагогикалық және психологиялық еңбектердегі теориялық және әдіснамалық тұжырымдарға негізделуімен, қағидаларды басшылыққа алуымен, зерттеу мақсатына сәйкес әдіс-тәсілдерді қолдануымен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының мақсатқа сәйкес келуімен, нәтижелерін статистикалық өңдеуімен және алынған нәтижелерді қорытындылауымен қамтамасыз етілген.</p>
--	--	--	--

			<p>7.2 Тривиалды ма? <b>Жок</b>, себебі зерттеу барысында психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге және практикаға жасаған талдау кәсіптік білім беру саласындағы болашақ кәсіптік оқыту педагогы проблемасының әртүрлі аспектілерінің зерттелгендігін, алайда оның тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын зерттеу қажеттігін, сондай-ақ оның ғылыми әдебиеттерде зерттелмегендігі мен осы үдерісті оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандыру керектігін байқатты.</p> <p>7.3 Жаңа ма? <b>Иә</b>, себебі бұған дейін болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыруды жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асыру қажеттілігі мен оны іске асырудың әдістемелік негіздері жеткілікті деңгейде жасалмаған.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: <b>кең</b>. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың диагностикасы анықталып, тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыру әдістемесі жасалып, әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-экспериментте тексеріліп, ұсынылған болжамның дұрыстығы дәлелденіп, зерттеудің алға қойылған мақсаты мен міндеттері шешімін тауып, жүзеге асырылған.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? <b>Иә</b>, дәлелденген.</p> <p>a) Ways of Forming Personal and Social-Labour Functions of a Future Teacher/ Journal of Intellectual Disability - Diagnosis and Treatment журналы (Canada), 2020, E-ISSN 2292-2598, <b>Scopus</b>. Vol. 8, Iss. 3.- P.377-387</p> <p>ә) Формирование трудовых функций будущего педагога профессионального обучения в процессе практической подготовки/«Әуезов оқулары-19: Тәуелсіз қазақстанға – 30 жыл» атты халықаралық ғылыми–тәжірибелік конференциясының еңбектері. Том (3) Шымкент, 2021. -Б.164-168</p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты	Докторанттың диссертациялық жұмысындағы зерттеу әдістемесі толығымен ашық сипатталып жазылған

мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	жазылған 1) <u>Ия</u> ; 2) жоқ	және <b>негізделген.</b> Тандалған әдістемелерді колданудың тиімділігін сипаттау үшін әдейі әдебиеттерге сілтеме жасалған.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) <u>Жоқ</u>	Н.П.Тәңкіштің диссертациялық жұмыс нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу мен компьютерлік технологиялар көмегімен ақпараттарды өңдеу және ұсыну әдістері негізінде алынған. Зерттеу әдістері: жалпы теориялық-зерттеу әдістері зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық - педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау жасау; ҚР білім беру саясатының нормативті-құқықтық құжаттарымен, білім алушылар тұлғасын дамыту тұжырымдамаларымен танысу; озық тәжірибелерді талдау; оқу технологияларын жобалау, іс-әрекет нәтижелерін салыстырмалы талдау жасау; сауалнама, тестілеу жүргізу, диагностикалық, педагогикалық, түзетушілік әдістемелер, статистикалық өңдеу әдістері мен тәсілдері пайдаланылған.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Түрлі ой-тұжырымдарды зерттеу негізінде кәсіптік оқыту педагогының рөлі анықталып, тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары, олардың түрлері, құрамы мен құрылымы бойынша материалдар сұрыпталып <b>«кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары»</b> ұғымына анықтама берілген; тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың теориялық негіздері, оның мәні мен құрылымы айқындалып оған сипаттама берілген; тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталған; педагогтың тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың моделі және оның мазмұны жасалынған, нәтижесінде жоғарыда аталған құралдар негізінде болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік

			еңбек функцияларын қалыптастырудың әдістемесі беріліп және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, ұсыныстар берілген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің сенімділігі мен дәлелденуі ғылыми жұмыстарды жинақтаумен, мемлекеттік бағдарламаларды пайдалануымен <b>расталады</b> .
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> . Әдеби шолулар диссертациялық жұмыс тақырыбына сәйкес келеді. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен сілтемелер дұрыс рәсімделген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>Ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың мәні, оны атқаруға қажетті сапалардың мазмұны мен құрылымы және аталған қалыптастыруды жүзеге асырудың педагогикалық шарттары мен құрылымдық-мазмұндық моделі осы саладан білім алушыларға теориялық білімдерді жүйелі меңгертуге септігін тигізеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>Ия</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі <b>жоғары</b> . Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыру мақсатында педагогтар біліктілігін жетілдіретін институттардың және жас ғалымдар мектебінің әдістемелік бағдарламаларына енгізуге болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар <b>толығымен жаңа</b> болып табылады. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің оқу үдерісіне «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын

			қалыптастырудың негіздері мен жолдары» электронды оқу құралы мен «Педагогтың тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары» элективті курсы енгізу актілерімен зерттеу нәтижелері расталған.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) Жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмысты Академиялық жазу және ресімдеу сапасы жоғары. Мемлекеттік стандарт талаптарына сай келеді және мәтіні түсінікті ғылыми тілде жазылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұны ҚР БҒМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті қоятын «Ғылыми дәреже беру қағидаларының» талаптарына сәйкес келеді.

**Шешім:** 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша Тәңкіш Нәзира Полатқызына философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор



*А. Қозыбай*  
**Қозыбай А.Қ.**  
 РАСТАЙМЫН:  
 АБай атындағы ҚазҰПУ  
 ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ  
 ЗАВЕРЯЮ:  
 НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО  
 УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ  
 ҚазҰПУ и.и.и.и. Абай  
 Қолы  
 Подпись